

Жақсыбайкөл негізгі мектебі
бойынша 2022-2023 оқу
жылындағы
Мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерін орындалуын бақылау, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында Қазақстан Республикасының БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспары әзірленді.

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттарының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейімен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау.

Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің, тәрбиенің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдау жүргізіледі. Жасалған SWOT талдау бағытталған басқару шешімдер анықталады.

Жалпы жоспар негізінде тәрбие жоспарының сынып оқуларының жас ерекшелігіне сай болуын анықтау мақсатында тәрбие жоспарлапып тексерілді. Көп балалы, аз қамтылған әлеуметтік көмек беру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуына бақылау жасалады. Сонымен бірге оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, оқулықпен қамтылуы, «Мектепке жол» акциясының қортындысы. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, үйірме, секцияларға қатысуы. Оқушылардың сабаққа қатысымы, 5-сынып оқушыларының жаңа буынға биімделуі барысында туындаған өзекті мәселелер, жетістіктерді анықтауда Бастауыштың орта буынға биімделуі, 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қадағалау, «Дебат», «Бала және театр» үйірмелерінің берілуі, оқушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие беру сапасы, сынып сағаттарының өтілуін тексеру, Жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздік негіздері бағдарламаның орындалуы, «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы жұмысының жай-күйі, Діни экстеримизмнің алдын алу ақпараттық насихаттау тобының жұмысы, Ұлттық құндылықтарды насихаттау

жұмысының барысы, Кәсіптік бағдар беру жұмысының жүргізілуі. Мектеп парламентінің, «Өзін –өзі басқару» ұйымының жұмысы, «Адал ұрпақ» клубының жұмысы жоспарларының орындалуы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы жұмысы, Ұлдар, қыздар жұмысының жүргізілуі, Жазғы демалыспен қамтылу т.с.с. бағыттар негізінде мектепшілік бақылау жүргізіліп, уақытылы анықтамалары, хаттамалары жазылып, пед кеңес, директор жанындағы кеңес әдістемелік бірлестіктер отырысында қаралып талқыланды. Бақыланған бағыттар негізінде уақытылы тиісті мамандарға ұсыныстар беріліп, қайта бақыланып ұсыныстар жойылып отырды.

Қортынды: Қазақстан Республикасының Білім туралы заңын, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақыланды және орындалды, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талданып, сараптамалық баға берілді. Бақылау үрдісінде әдістемелік көмектер көрсетіліп, озық педагогикалық тәжірибелер таратылды. Алдындағы оқу жылы бойынша аталған оқу жылға алынған ұсыныс: сынып жетекшілердің, қосымша білім беру педагогтердің жұмыстарын жинақтау, аудан, облыс көлемінде көлемінде іс-тәжірибе таратуға ұсыну болса, аталған ұсыныс оқу жылында орындалады.

Жалпы 2022-2023 оқу жылындағы мектепшілік бақылау жұмысының мақсаты толық орындалды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.Шаутенов